

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2019 ж. 18 желтоқсанда жарияланған

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Б.М. Сапарбаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Қазіргі білім ошақтарына ұрпақ тәрбиелеу жөнінде үлкен талаптар қойылып отырғаны белгілі. Әлбетте, ұлы мәртебелі мектептің миссиясы – оқу-ағартушылық ісі. Балалардың кітап оқуға деген құмарлығын оятатын да, түрлі әдебиетті оқу мәдениетін сіңіретін де, кітап атаулыға құрметті қалыптастыратын да мектеп болуға тиіс.

Ол үшін кітаптарды осы заманның құралдарына қарсы қоюдан гөрі әр сынып балалары міндетті түрде оқуға тиіс әдебиетті, басылымды (оның тізбесі қазіргідей олпы-солпы болмағаны жөн) сол қолайлы құралдарға жүктеп қоюды қамдастыру керек.

Өзірге қоғамда мынадай сұрақтар желдей есіп жүр:

Балаларға арнап әңгіме, жыр, ертегі жазатын ақын-жазушыларымыз неге аз? Балалар кітаптарының бағасы неге удай қымбат? (2013 жылдан бастап кітап бағасы кем дегенде 40 пайызға көтерілген). Кітап дүкендері неге азайып жатыр? Осы орайда балалар мерзімдік басылымдарына (жеке меншікте болсын, өзгесі болсын) алғыстан басқа айтарымыз жоқ, оларды да Үкіметтің жарылқап жатқаны шамалы. Балапандарға арнап ән шығаратын композиторлар, сурет салатындар, кітап безендірушілер неге некен саяқ? Анимациялық фильмдер неге аз түсіріледі?

Өйткені бұл мәселелерге мемлекеттік қозғарас жеткілікті дәрежеде емес. Егер Үкіметтің осы саладағы жұмысы сындарлы әрі қисынды болса, балалар тәрбиесіне босқа алаңдамайтын едік.

Дәйекке жүгінер болсақ, 2018 жылы бүкіл еліміз бойынша балаларға арналған небәрі 8 кітап жарық көрсе, үстіміздегі жылы министрлік бөлген қаражатқа төрт автордың ғана кітаптары басылып шыққан, оның өзі кітапханаларға таратылыпты. Олардың арасында бұрын жарық көргендері де бар.

Сонда жаңа авторлардың жоқ болғаны ма, әлде тарихымызда соңғы балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаев болып қалады ма?

Біздің ойымызша, балаларға арналған баспа өнімін шығарушыларға, анимациялық фильм, кино-видео түсірушілерге Үкімет тарапынан жеңілдіктер жасалмайынша жағдайды түзеу мүмкін емес. Ондай тәжірибелер көрші елдерде бар. Сырттан әкелінетін мұндай өнімдерге бажды көбейтіп, отандық шығармашыл қауымды ынталандыруды қолға алған жөн. Сонымен бірге арнайы гранттар жариялау арқылы балаларға арналған шығармаларды молайтуға болар еді. Сонда баланың мемлекеттік тілді жас кезінен үйренуіне мүмкіндік туғызатын едік. Егер өркениетті елдердің қатарынан көрінеміз десек, баспа өнімдерінің мағынасын ғана емес, экологиялық жағынан таза қағазға, сапалы бояумен басылуын да қадағалауға міндеттіміз.

Ауызды құрғақ шөппен сұртуге болмас, біздің елде таланттар да, талантты туындылар да бар, бірақ қолдау жағы кемшін. Мысалы, қазақ балаларынан өзге шетелдік көрермендердің де көңілін бірден өзіне аударған «Томпақ» сериалы, “Ертегілер еліне саяхат”, қазақ тілінде шыққан “Көліктер” мультсериалы, “Груффало” ертегісі т.б.

Алайда, екі-ақ сериясының өзі миллиондаған көрсетілім жинаған «Қошқар мен теке» анимациялық фильмі жалғасын таппағаны мүлдем түсініксіз?

Жалғыз “Балапан” телеарнасын қаржыландыру жағын түбегейлі өзгерту қажет. Сонда эфирді дубляжбен толтырудың орнына төл туындылар жасалады, бірінші кезекте төл өнеріміз бен мәдениетіміз дамитын болады.

“Дән топырағын тапса ғана өнеді” деген аталы сөз бар. Жас балаға жақсы мен жаманды, ізгілікті үйрету тек ата-ананың ғана емес, қоғамның да міндеті болып саналады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай мәселерді қарастырып, оң шешілуіне ықпал етуді:

- балаларға арналған мемлекеттік тілдегі баспа, басқа да киноөнімдерін өндірушілер мен сатушылар үшін арнайы жеңілдіктер белгілеп, интернет-дүкендер жұмысын реттеуді;

- балалар мерзімдік басылымдарын және әр сынып оқушылары үшін ұсынылған әдебиеттердің электрондық нұсқаларын ақысыз жүктеме жасауды Үкімет тарапынан қолдауды;

- көрсетілімі көп, жоғары рейтингке ие болған анимациялық сериалды түсіруді қаржыландыруды, олардың тарифтерін көрші мемлекеттердегі тарифтермен сәйкестендіруді қамтамасыз етуді (Ресейде біздегіден 10 есе жоғары) сұраймыз.

Сонда ғана қайсыбір дәуірде қалып қоя жаздаған “Бар жақсы дүние - балаларға” деген әлеуметтік-халықтық бастаманы іс жүзіне асыруға мүмкіндік туады.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен,

Депутат

Д. Мыңбай

Депутат

Б.Мамраев

Депутат

Қ.Мұсырман

*орынд. Г.Нығматулина 746759
nigmatulina@parlam.kz*